

БЕКІТЕМІН 
«Джаналилова А.Б.»
«Көжек» бөбек-жай балабақша
менгерушісі Ж.Ж. Ажигалиева



**«Джаналилова А.Б.» ЖШС «Көжек»
бөбекжай-балабақшасының
даму бағдарламасы**

Кіріспе

Әлем жаһандық сын-тегеуріндер кезеңінде өмір сүруде. Бұл жаңа технологиялық жетістіктер мен инновацияларды енгізу. Әлемнің жетекші экономикалары жоғары деңгейдегі адам капиталы есебінен ғана гүлденуге қол жеткізуде. Оған жаңа білім беру стратегиялары мен саясаты ықпал етеді.

Бағдарлама алдағы 5 жылға арналған **«Көжек» бөбекжай-балабақшасының** қызметінің ең перспективалы бағыттарын анықтауға арналған. Әр адамға сапалы білім қажет. Баланы мектепте дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу мен оқытудың сәттілігі оның даму деңгейіне және болашақ мектеп оқушысының мектепке дейінгі жастағы тәрбиесіне байланысты

Мақсаты: бөбекжай-балабақшасында баланың дамуына жағдай жасау, оның оң әлеуметтенуіне, жеке дамуына, ересектер мен құрдастарымен ынтымақтастық негізінде бастамашылық пен шығармашылық қабілеттерін дамытуға, мектепке дейінгі білім берудің федералды мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес балаларды тәрбиелеу мен оқытудың жаңа сапасына көшуге мүмкіндік береді.

«Джанадилова А.Б.» ЖШС «Көжек» бөбекжай-балабақшасының 2021-2026 жылдарға арналған

даму Бағдарламасы

Даму бағдарламасының (бұдан әрі-Бағдарлама) төлқұжаты, оны әзірлеуге негіздеме ретінде ҚР Конституциясы, ҚР-ның «Білім туралы», ҚР-ның «Тіл туралы», «ҚР-ындағы бала құқықтары туралы» Заңдары, ҚР-ында беруді дамытудың 2011-2020жж. арналған бағдарламасы, 2010-2014жж. арналған «Балапан» бағдарламасы, 2015ж. дейінгі білім беруді дамыту Тұжырымдамасы, ҚР-дағы мектепалды дайындағаның Тұжырымдамасы пайдаланылды.

Бағдарлама төлқұжатына мынадай тараулар кіреді: мемлекеттік тапсырыс беруші, негізгі дайындаушылар, орындаушылар, қаржыландыру көздері, іске асырудың күтілетін нәтижелері. Бөбекжай- балабақшада ресурстық базасының сипаттамасы қоршаған әлеуметті және материалдық-техникалық базаны қамтиды

Бөбекжай- балабақша қызметінің тұжырымдамалық негіздері

Мектепке дейінгі балалық шақ-әрбір адамның өміріндегі бірегей кезең.

Ересектердің міндеті-әрбір бүлдіршін үшін оның қабілеттіліктерін ашуға қажетті жағдайлар жасау, оның өмірін қызықты да қуанышты және мазмұнды ету, құрбы -құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынас жасауға үйрету, білім берудің оңтайлы бағдарламалық дарғысын белгілеу. Әрбір балаға және отбасыға қолдау көрсету және өз уақытында жеке, аумақтық қолжетімді көмек көрсетуге қабілетті мамандарды біріктіретін, ұстанымдық жағынан жаңа үлгідегі балабақша құру заманауи қоғамның дәйекті қажеттілігіне айналып келеді.

Мұндай тәсілдің өзектілігі көптеген отбасылар балаларды сапалы оқыту мен тәрбиелеуге мұқтаж болып отырған жағдайларда арта түседі.

Стратегиялық мақсаты: баланың психологиялық-денелік жағынан салауатты, күзіретті қатынас-байланыстық және шығармашылық дағдыларды меңгерген, қоршаған дүниеде барабар өмір сүруге қабілетті, сергек және еркін ойлай білетін жеке тұлғасын қалыптастыру.

Міндеттері:

- Жасы кіші балаларды тәрбиелеу мен оқыту үдерісін сапалық ресурстық қамтамасыз ету;
- Бөбекжай-балабақша дамуының тетіктерін жасау және олармен қамтамасыз ету;
- Бөбекжай-балабақшаның дүниежүзілік стандарттар мен уақыт талаптарына сәйкес келетін дамытушы заттық-кеңестіктік және білім беру ортасын қалыптастыру.
- Бөбекжай-балабақшаның қызметінің инновациялық мазмұнын әзірлеу және енгізу;
- Бөбекжай-балабақшада білім беру үдерісін жаңғырту;
- Мектеп жасына дейінгі балалармен жұмыс істейтін педагогтардың кәсіптік құзіреттілігін арттыру;
- Бөбекжай-балабақшадағы басқару үдерісін демократияландыру;
- Білім беру үдерісін қатысушылардың бәріне субъект-субъектілік өзара әрекет ұстанымдарын енгізу;
- Балаларды сапалы тәрбиелеу және оқыту мақсатында мемлекеттік билік,ҒӨБ,әлеумет өкілдерімен әлуметтік әріптестікті дамыту;
- Өңірдің білім беру кеңістігінен лайықты орын иелену;
- ауданда,облыста,республикада жоғары рейтингке қол жеткізу;

Біздің балабақша өз дамуында бағдарға алатын басты нәтиже,-түлектің жеке тұлғасы.

Түлек жеке тұлғасының моделі!

Бүлдіршінің даму саласы	Жеке тұлғалық даму индикаторлары
Денелік	Жақсы дене және психикалық денсаулығы: дамыған денелік қасиеттері, қозғалыстық және мәдени-гигиеналық дағдылары, дене және психикалық денсаулықты сақтау тәсілдері туралы білімі бар, өз денсаулығына сергек қарай, валеологиялық білімін іс-тәжірибеде іске асыра және спорттың әртүрлі түрлерімен айналысты біледі.
Зияткерлік	МЖББС-на сәйкес жаңа білімді, икемділіктерді, дағдыларды меңгеруге деген ұмтылысы, қоршаған орта туралы білімі, қалыптасқан математикалық түсініктері, тілдік даму дағдылары бар; бақылау, салыстыру, талдау, қорытынды жасауды, өз ойын,көркем туындылардың, ертегілердің мазмұнын байланысты және дәйекті баяндауды, білімін іс-тәжірибеде өздігінен қолдануды, күрделі емес математикалық тапсырмаларды орындауды біледі.
Эстетикалық	Өнердің алуан түрлеріне орнықты қызығушылығы мен эмоциялық сергектігі, өнер түрлері туралы білімі, бейнелеушілік қызметтің қалыптасқан дағдылары бар; қоршаған әдемілікті көре және бағалай, қоршаған дүние туралы өз әсерлерін бейнелеу қызметінде,музыкада, сөз шеберлігінде бейнелей алады, көркемдікті жеткізудің саналуан құралдарын меңгерген.
Өнегелік	Әртүрлі ұлттардағы құрдастарымен қарым-қатынас жасау дағдылары, әртүрлі халықтардың мәдениетіне деген қалыптасқан онды көзқарасы бар; басқа ұлттардың балаларын дұрыс қабылдауды, басқа халықтардың мәдениетіне құрметпен қарауды біледі, Отанын сүйеді, онымен мақтанады; адал, өзіне-өзі сынмен қарауға, қайырымды болуға тырысады.

Түлек жеке тұлғасының бұл моделін жүзеге асыру және іс-тәжірибеде қолдану оған балабақшаның педагог-тәрбиешілерінің құзіреттілік тәсілі болған жағдайда ғана мүмкін болады.

Сондықтан бөбекжай-балабақшадағы әдістемелік жұмыс:

- педагог-тәрбиешілердің жеке кәсіптік резервтерін іске асыру кезінде педагогикалық ұжымның қызметі мен қарым-қатынасында бірлікке қол жеткізуге;
- педагог-тәрбиешілерде кәсіптік қатынас-байланыс үдерісіне белсенді қатысуға орнықты уәждеме қалыптастыру және көрсетуге;
- педагог-тәрбиешілерде төзімділікке (балаға, әріптесіне, ата-анаға педагогикалық-ағартушылық, мәдени төзімділік пен құрмет) қабілеттілікті қалыптастыруға;
- педагог-тәрбиешілердің кәсіптік құзіреттілігін, ойлау мен қызметінің инновациялық стилін жетілдіруге бағытталған.

Өз дамуында әдістемелік қызмет бағдар алатын нәтиже,-жаңа үлгідегі педагог-тәрбиешінің жеке тұлғасы.

Жаңа үлгідегі тәрбиешінің жеке тұлғасы

Жеке тұлғалық қасиеттері	Кәсіптік мәдениеті	Базалық құзіреттер	Басты құзіреттер
Балаларға деген сүйіспеншілік; жан дүниесінің дархандығы мен мейірімділігі; жоғары өнегелілік; энтузиазм; еңбексүйгіштік ; тапсырылған іс үшін жауапкершілік; ұжымшылдық сезімі; бірге күйініп-сүйінушілік	Мектепке дейінгі педагогика, балалар және жас психологиясы негіздерін, балалар физиологиясын біліуі; мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің заманауи әдістемелерін, білім беру технологияларын және дидактикалық ойындарды білуі.	Жоғары зият; сыни ойлау; қойылған мақсаттарға қол жеткізу қабілеттілігі; өзіне жауапкершілік қабылдауға дайындық; тәлімгер және сабақтасшы ролінде әрекет ету қабілеттілігі; аса ұстамдылық және мақсатты бағытталғандық; адамдармен достық, жайдары, бірақ іскерлік қатынас, барлық істердегі қадір қасиет пен жоғары жауапкершілік ; шығармашылық және тәуекел ету шеберлігі; сезімділік және қозғалыштық; жұмыс істеуге жоғары қабілеттілік, үздік болуға және бәрін ең жақсы етіп орындалуға үнемі ұмтылушылық; өзін- өзі басқару қабілеті; жеке құндылықтарының ақылға сыйымды жүйесі; айқын мақсаттары; үнемі жеке тұлғалық өсуге ұмтылушылық; проблемаларды шешудегі дағдылар мен табандылық; инновацияларға қабілеттілік және өнертапқыштық	Білімге тартылу, кәсіпқойлық және жұмысқа шығармашылық тәсіл; табандылық, өзіне деген сенімділік пен іске берілгендік; стандарттан тыс ойлау, өнертапқыштық, бастамашылық пен табыс сезімі; эмоциялық теңгерімділік пен түңілуге орнықтылық; ашықтық, өтіп жатқан өзгерістерге икемділік, бейімделгіштік; жағдаяттық көшбасшылық, өзін -өзі дамытуға және өзін -өзі ұйымдастыруға деген ішкі қажеттілік; жұмыс пен қабылданған шешім үшін жауапкершілік; ұжымда және ұжыммен жұмыс істеуді қажетсіну; өзінің жеке құндылықтарын анықтау шеберлігі; өзін- өзі дамытуға және проблемаларды тез және тиімді шешу қабілеттілігі.

Бөбекжай-балабақша даму кезеңдері және олардың сипаттамасы

кезең	мерзімдері	Проблемалар	мақсаты	міндеттері	Бағдарламалық іс шаралар
1	2	3	4	5	6
Пайда болуы	2020-2021жж.	· Балалар және ересектер ұжымдарының және балабақшаның барлық қызметтерінің қалыптаспағандығы - Жаңа балабақша бейнесін көрудің; - Сыртқы ортамен байланыстар мен қажетті ресурстық қамтамасыз етілудің; - МДҰ тіршілік қарекетін регламенттейтін стратегиялық және тактикалық құжаттардың жоқтығы · Осы МДҰ-ның аудан, кент білім беру кеңестілігіндегі орның анықталмағандығы	МДҰ тіршілік қарекетінің стратегиялық және тактикалық негіздерін жасау	·Балалар мен ересектер ұжымдарының және МДҰ мақсаткерлігінің қалыптасуы ·МДҰ дамуының міндеттері мен стратегиялық және тактикалық мақсаттарын белгілеу. · Сапалы ресурстық қамтамасыз етілудің орнауы. - Сыртқы орта субъектілерімен байланыстарды жолға қою. ·Жаңа МДҰ-ның орнауы жөніндегі басқарушылық іс әрекеттерінің тиімділігіне мониторинг	·Мектеп жасына дейінгі балаларды МДҰ -ға қабылдауға дайындық және ұйымдастыру. ·Педагогтар мен қызмет көрсетуші персоналды жұмысқа қабылдау. ·Қажетті: валеологиялық, психологиялық -педагогикалық, ақпараттық -талдаушылық, ғылыми-әдістемелік, қамтамасыз етуші қызметтерді құру. ·Бағдарлама жасау орнығу және өңір білім беру жүйесіндегі өз орнын иелену кезеңі. ·МДҰ тіршілік қарекетін регламенттейтін жергілікті құқықтық нормативтік актілерді әзірлеу. ·Жаңа МДҰ-ның ішкі және сыртқы тұрпатын безендіру. · Материалдық техникалық және оқыту дидактикалық базаны қалыптастыру. ·Сыртқы ортамен ынтымақтастық. ·Ата аналармен жұмыс ата аналар құрамын, олардың МДҰ-ға сұранысын зерделеу бірлескен жобаларды бастау және қолдау көрстеу, оларды қызықтыратын мәселелер бойынша кеңестер беру, балалар бақшасын басқаруға тарту. ·Бөбекжай-балабақша ішкілік мониторинг жүйесін құру. ·Республика МДҰ-дарының озат тәжірибесін зерделеу және істе сынап көру.

1	2	3	4	5	6
Орнығу және дамыту	2022-2023 жж.	·Бірқатар мамандардың жоқтығы. ·Педагогтардың кәсіптік құзарттілігінің төмен деңгейі. ·Материалдық техникалық базаның компьютерлердің, интербелсенді жабдықтардың спорттық мүкамалдың, музыкалық аспаптардың жетіспеушілігі. ·Оқу- дидактикалық және әдістемелік құралдардың, оқу дидактикалық ойындардың, көрсету материалдарының құрылымдаушылардың жетіспеушілігі. ·Ата- аналарға арналған ақпараттық сабағаттық пункттің жоқтығы. ·Балалар және олардың ата аналардың сұраныстарына сәйкес қосымша білім беру қызметтерінің жоқтығы	Дамуды басқарудың тиімді тетігін жасау.	·Кадр проблемасын шешу. ·Әдістемелік құралдарымен педагогтардың кәсіптік құзіреттілігін арттыру. ·Материалдық техникалық базаны, оқу дидактикалық және әдістемелік қамтамасыз етуді жетілдіру. ·МДҰ жанынан ата аналарға арналған ақпараттық сабақтық пункт құру. ·Білім беру үдерісіне заманауи денсаулық сақтаушы және ақпараттық технологияларды еңгізу. ·МДҰ ұсынатын қосымша білім беру қызметтерінің ауқымын дамыту	·Психологты, музыкалық жетекшіні, дене тәрбиесі жөніндегі нұсқаушыны, қосымша білім беру педагогтарын іріктеу және жұмысқа қабылдау. ·Компьютерлер, интербелсенді тақталарды, спорттық жабдықтарды, ойындар мен ойыншықтардың алуан түлдерін сатып алу. ·Оқу әдістемелік, көркем әдебиетін толықтыру. ·Педагогтардың Интернет желісінде қолжетімділігін қамтамасыз ету. ·Педагогтар біліктілігін үздіксіз арттыру жүйесін жасау. ·Білім беру үдерісін технологиялау. ·Заманауи денсаулық сақтау технологияларын: балалар хайтга йогасын, кинезиологияны және т.б. еңгізу. ·Мектепке дейінгі білім беру мазмұны байыту: балалардың ақпараттану, орыс және ағылшын тілдер негіздерін зерделеуін еңгізу. ·Қуыршақ және драмалық театрлардың қалыптасуы. ·Балаларға арналған: «Батыр бала» «Сикырлы қылқалам» «Өнерлі қайшы» «Өнерлі баламын» үйірмелерін ашу. Балалардың «Жұпар» фольклорлық аспаптық ансамблін құру. ·Ата -аналарға арналған ақпараттық - сабағаттық пункт ашу. ·МДҰ дамуын басқарудың сапасына ішке бақылау жасау.

1	2	3	4	5	6
Орнығу және дамыту	2024-2026 жж				МДҰ тіршілік қарекетіне ата- аналарды және әлеумет өкілдерін кеңінен тарту: бірлескен мерекелер, жобалар, істер. ·Даму үдерісінің мониторингі. ·Балабақшалық білім беру Инфрақұрылымын жетілдіру. ·МДҰ жұмысына жұмыстың алдыңғы қатарлы тәжірибесін кеңінен енгізу.

Балалар бөбекжай- бақшасының даму үдерісіндегі бағдарламалық іс-шаралар

Басқару және ғылыми –әдістемелік жұмыс

- Басқару құрылымын , Бағдарламаны, жергілікті нормативтік құқықтық құжаттарды; педагогтар қызметіне әдістемелік демеу бағдарламаларын; жетістіктер мен проблемаларға сындарлы талдау жасалған жыл сайынғы жоспарларды әзірлеу.
- МЖББС-н, мемлекеттік білім беру бағдарламаларын іске асыру мен Бағдарламаға түзетулер енгізу.
- Педагогтарға алдыңғы қатарлы әдістемелер мен технологияларды меңгеруде әдістемелік көмек көрсеті.
- Педагогтарды оқыту және білім беру үдерісіне заманауи әлеуметтік-ойындық, ақпараттық, денсаулық сақтаушы технологияларды, М.Монтессори әдістемесін енгізу.
- Сұрақтар бойынша әдістемелік материалдар банкін қалыптастыру.
- Мектепке дейінгі білім беру проблемалары бойынша педагогикалық кеңестер, әдістемелік лездемелер, семинар-практикумдар өткізу.
- Педагогтарды біліктілік арттыру курстарында оқыту.
- Мектепке дейінгі білім берудің өзекті проблемаларын әзірлеу үшін педагогтардың шығармашылық топтарын құру.
- «Алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибе мектебі» мен «Жас тәрбиеші мектебінің» жұмысын ұйымдастыру.
- Педагогикалық еңбектің ерекшелігін есепке ала отырып, жұмыс орнында біліктілікті үздіксіз арттыруды ұйымдастыру.
- Педагогтар жұмысындағы қиындықтарды айқындау және талдау жасау мен жеке әдістемелік көмек көрсету.
- Педагогтардың жеке тұлғалық жетістіктерін бағалау.
- Педагогтардың портфолиясын қалыптастыру.
- Жұмыс тәжірибесінен материалдар жариялау.
- Медициналық ,әлеуметтік,педагогикалық-психологиялық моиторинг өткізу.
- Білім беру инфрақұрылымын негіздеу және дамыту.
- Озық педагогикалық іс-тәжірибені зерделеу және МДҰ қызметіне енгізу.
- Педагогтардың өздігінен білім алуының тиімді жүйесін ұйымдастыру: шығармашылық есептер, тұсаукесерлер, шеберлік сыныптары, жас және жаңа бастаушы тәрбиешілердің педагогикалық іс-тәжірибесіндегі зертханалар, тьюторлық пен фасилитация.
- Авторлық бағдарламалар, оқу-әдістемелік материалдар, тәрбиешілер мен ата-аналарға арналған ұсынымдар, жұмысшы дәптерін және т.б. әзірлеу.

Материалдық –техникалық жарақтандыру.

- МДҰ аумағында балаларға арналған дамытушы аймақтарды, сондай-ақ психологиялық жеңілдену кабинетін және топтарда денсаулық бұрышын жасау.
- МДҰ-жаңа спорттық жабдықтармен толықтыру.
- Топтық және ойын бөлмелеріндегі балалар жиһазы мен компьютерлік базаны жаңарту.
- Ғылыми, оқу-әдістемелік, көркем әдебиет қорын тұрақты жаңартып тұру.
- Музыкалық аспаптар сатып алу.

Медициналық және гигиеналық алдын алу.

- Ауа ластануының алдын алуды, үй-жайлардың ауа-жылу режимін ұйымдастыру.
- Табиғи және жасанды жарықтандыруға және МДҰ-ды ұстау мен санитарлық жай – күйіне қойылатын гигиеналық талаптардың сақталуына бақылау жасау.
- Балалардың күн режиміне гигиеналық баға беру.
- Білім беру үдерісіне медициналық бақылау жасау.
- Балалар мәзіріне гигиеналық баға беру. Тамақтандыру режимін ұйымдастыру.
- Балалар ауруларының алдын алу, гигиенасы тақырыбында ата-аналарға лекциялары мен әңгімелесулерді, санитарлық бюллетендерді шығаруды тұрақты өткізу.
- Емдік-алдын алу тағайындау отырып, әрбір бала денсаулығының жай-күйі туралы қортындылар жасау.
- Персоналдың медициналық тексеруден өткізілуіне бақылау жасауды жүзеге асыру.
- Көктем-күз мезгілінде тұмаумен және ОРВИ-мен аурудың алдың -алу жөнінде шаралар кешенін қамтамасыз ету.
- Оқу жылына емдік алдын - алу шаралары, балалар мен педагогтардың ауруға шалдығушылығынан сақтандыру бойынша жұқпалы ауруларға қарсы ішкі акциялар жоспарларын жасау.

Мектепке дейінгі білім беру мазмұнын жаңарту.

- Жаңа МДҰ-ның білім беру құрылымын; күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауды; балаларды оқыту мен тәрбиелеудің авторлық бағдарламаларын жасау.
- МДҰ-да психологиялық –педагогикалық қызметтің жұмысын ұйымдастыру.
- Психологтің педагогикалық кеңестер мен лездемелерге қатысуы.
- Балаларды тәрбиелеу мен оқыту мәселелері бойынша авторлық оқу-әдістемелік кешендер мен жұмысшы дәптерлерін әзірлеу.
- Педагогтар жұмысын технологиялау: балаларды оқыту мен тәрбиелеудің тиімді әдістемелеріне оқыту және оларды әрбір тәрбиешінің іс-тәжірибесіне енгізу; білім беру үдерісін технологиялау: балаларды ерте жастан бейімдей, проблемалық, дамытушы, жобалық оқыту технологияларын енгізу.
- Білім беру үдерісінің сапасын қамтамасыз етуді психологиялық-педагогикалық көмекті жетілдіру.
- Жалпы дамытушы сабақтарға денсаулық сақтаушы бағытталғандықты енгізу.
- Балалардың ерте жастан бастап ақпараттық технологиялар, орыс және ағылшын тілдерінің негіздерін зерделеуі.
- Педагогтардың құзіреттілік дамуды бақылаулардың жеке карталарын, бала дамуының білім берушілік траекториясы мен мониторингін жасауды және оларды іс-тәжірибеде сынап көруі.

Ағартушылық –тәрбие жұмысы

- Тәрбие жұмысының мазмұнын жаңарту.

- Балалардың аудандық, облыстық балалар конкурстарына, іс-шараларына, жарыстарына қатысуы.
- Балалар шығармашылық жұмыстарының көрмелерін ұйымдастыру: суреттер, плакаттар, бұйымдар, жобалар және т.б.
- Балалардың шағын кітапханасын жасау.
- Қосымша білім беру қызметтерін енгізу: балалардың қуыршақ және драма театрлары, фольклорлық аспаптық ансамбль, хореографиялық топ пен бейнелеу студиясы және т.б.
- Ата-аналармен бірге балалардың дамуына серпінді бақылаулар жасаудың нәтижелерін талқылау мен тұрақты талдау жасауды жүргізу.
- Балалардың жол-көліктік жарақаттанушылығының алдын -алу жөніндегі бағдарламаны іске асыру.

Дене шынықтыру –сауықтырушылық жұмысы

- Білім беру үдерісіне жұмыстың «Денсаулық күні», дене шынықтыру минуты, валеологиялық кідіріс, таңертенгілік бой жазу, қозғалыштық минут, спорттық сағат сияқты формаларын енгізу.
- Ата-аналардың қатысуымен спорттық жарыстар мен дене шынықтыру мерекелерін өткізу: « Сен-епті, күшті, батылсың!», «Біреуі бәрі, бәрі біреуі үшін», « Мама, папа, мен спорттық отбасы!» және т.б.
- «Денсаулық» журналын шығару.
- Балалар денсаулығын сапалық бағалау бойынша мәліметтердің компьютерлік базасын қалыптастыру.
- Балалар денсаулығының Төлқұжатын жүргізу.
- Денсаулық сақтаушы инновациялық технологияларды: « Балалар хатга-йогасы», « Балалар кинезиологиясын» (ақыл-ой гимнастикасы) және т.б. зерделеу және енгізу.

Ата-аналармен жұмыс

- Ата-аналар комитеттерінің жұмысын қалыптастыру.
- Қамқоршылар кеңесін құру
- Топтарда және жалпы ата-аналар жиналысын өткізу.
- Ашық конференциялар мен семинарлар: «Балаларды ерте жастан жаңа ұжымға бейімдеу проблемасы», « Егер отбасында асқан белсенді бала келе жатқан болса», «Мектеп жасына дейінгі балалардың жеке тұлғалық даму индикаторлары», «Бүгінгі күнгі баланың жеке тұлғасын әлеуметтендіру проблемасы» және т.б.
- Балаларды тәрбиелеудің өзекті тақырыптарына арналған лекторийлер, кинолекторийлер.
- Балалардың, ата-аналардың, педагогтардың қатысуымен бірлескен « Отбасы күні», «Анамның күні», «Наурызды қарсы аламыз», «Достық фестивалі» және т.б. мерекелерін ұйымдастыру.
- Бірлескен туристік жорықтар, саяхаттар, байқаулар.
- Ата-аналарға арналған ақпараттық-сабақаттық пунктін жұмысын ұйымдастыру.
- Психологтің кездесулері мен кеңестер беру.
- Ата-аналармен бірге бала жеке тұлғасының дамуына серпіндік бақылаулар жасаудың нәтижелерін талқылау мен талдау жасауды тұрақты жүргізу.
- Медициналық қызметкерлерді ата-аналармен ағартышулық жұмыс жүргізуге тарту.
- Ата-аналарды еріктілік жұмысына және оларды балалардың қызуғышылықтарды бойынша әртүрлі үйірмелерді жүргізуге тарту.

Деңгейде күтілетін соңғы нәтижелер			
балаларда	педагогтарда	ата-аналарда	әлеуметте
-жеке тұлғалық мәдениетінің дамуы; -дене, зияткерлік, шығармашылық әлеуметті айқындау және дамыту; -салауатты өмір салты басымдылығының арттыруы; -балалардың моральдық-психологиялық, дене және рухани саулығын нығайту, олардың қатынас-байланыстық қабілеттерін дамыту, әрбір баланың жеке тұлғасын өнегелілік және эстетикалық жағынан жетілдіру; -танымдық және шығармашылық қызметте балалардың дербестігі мен белсенділік деңгейін арттыру; -балалардың әртүрлі байқауларға, жарыстарға, көрмелер мен фестивальдарға қатысуының сәттілігі; -балалардың мектепке жеке тұлғалық дайындығын қамтамасыз ету	-Кәсіптік құзіреттіліктің артуы; -педагогтармен қызметкерлердің әлеумет балалардың сапалы оқыту мен тәрбиелеуге мүлділігі; -педагогтардың мектеп жасына дейінгі балалардың дене, өнегелілік, рухани және әлеуметтік саулығына қол жеткізуге бағытталуы; -әрбір педагогтің жеке педагогикалық стилінің қалыптасқандығы; -педагогтардың конференцияларға, байқауларға, көрмелерге, фестивальдарға ойдағыдай қатысуы; -жұртышылықтың назарын МДҰ жұмысының тәжірибесіне онтайлы білім беру үрдесін жетілдіру үшін материалдық техникалық мүмкіндіктерді кеңейтуге аудару.	-ата-аналардың балаларды ерте жастан бастап оқыту мен тәрбиелеу мәселелеріндегі құзіреттілігін жақсартуы; -ата-аналардың балалалық шақ, салауатты өмір салтының, балалармен қарым-қатынастарда субъект-субъектілік өзара әрекетестіктің басымдылықтарын мойындауы; -ата-аналардың МДҰ-ның балаларды оқыту мен тәрбиелеу жөніндегі қолдау жасауы; -ата-аналардың инновациялық үлгідегі заманауи МДҰ моделін жасау мен дамуын басқаруға белсен қатысуы.	-Әлеумет өкілдерінің МДҰ-ның балаларды оқыту мен тәрбиелеу бойынша қызметіне қолдау жасауы; -әлеумет тұрғындарының мектепке дейінгі педагогика мәселелеріндегі құзіреттілігін артуы; -балалық шақ, салауатты өмір салтының , балалармен қарым-қатынастағы субъект-субъектілік өзара әрекетестіктің басымдылықтарын мойындау; -әлеумет тұрғындарының инновациялық үлгідегі заманауи МДҰ моделін жасау мен дамытуға белсене қатысуы; -МДҰ-ның аудандағы жоғары рейтингі

Дамыту бағдарламасын іске асырудың мүмкін болатын қиындықтары мен оларды жоюдың жолдары.

Мүмкін болатын қиындықтар(тәуекелдер)	Оларды жою жолдары
МДҰ-ның инновациялық қызметі іске асыруға үстірт қарауы	МДҰ-ның мектеп жасына дейінгі замануи балаларды тәрбиелеу мен оқыту саласындағы қызметін ынталандыру және инновациялық қызмет нәтижелерін алуға нұсқауларды қалыптастыру
Педагогтардың бір бөлігінің білім беру үдерісін ұйымдастырудың инновациялық формаларын қабылдамауы	Педагогтардың инновацияларға дайындық проблемасын өзектендіру, педагогтармен ағартушылық жұмыс, педагогтарды біліктілікті арттыру курстарында және МДҰ ішінде оқыту, педагогтарға әдістемелік қолдау жасау
Бюджеттік қаржыландырудың жеткіліксіздігі	Қосымша қаражаттар іздестіру, демеушілердің қаржыларын тарту.